

**Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын жұмыс тобының қызметі туралы
№ 191 баспасөз-релизі**

2009 жылғы 25 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің «АқОрда» резиденциясында Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыратын жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) кезекті (он төртінші) отырысы өтті.

Жұмыс тобының отырысында Жұмыс тобының мүшелері, сондай-ақ «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның, «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-ның, «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның, «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ-ның өкілдері қатысты.

Отырыста «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан бөлінген қаражатты игеру барысы, «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-ның және «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның қаржыландыру бөлігіндегі барынша маңызды және ірі жобаларға техникалық және технологиялық ілеспе қызмет көрсетуді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы ақпарат тыңдалды. Сондай-ақ, «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» АҚ-ның өкілдері берілетін астық қолхаттарын нақты тауарлық қамтамасыз етуіне бақылау жүргізу бойынша шаралар жөнінде хабарлады.

Тыңдалған ақпарат нәтижесі бойынша Жұмыс тобы жоғарыда аталған ұйымдардың өкілдеріне құжаттардың толық пакеті бар болғанда, барлық заемшыларды тексергеннен кейін ғана кредиттерді беруді жүзеге асыру тапсырылды. Астықты делдалдардан сатып алуға жол бермеу мақсатында, астықты сататын тұлғаларды толық тексергеннен кейін ғана астықты сатып алуды жүзеге асыру қажеттілігі аталды. Астықты ірі сомаға сатып алғанда, сатылатын орынға барып, тексеруді жүзеге асыру қажет. Бұл ретте, міндетті түрде астықтың бар болу фактісімен қоса оның саны жеткілікті болуын тексеру тиісті.

Сонымен қатар, Жұмыс тобының отырысында «Даму» КДҚ» АҚ іске асыратын бағдарламалардың аясында Заемдарды беру және өтеудің бірегей регламенті (бұдан әрі - Бірегей регламент) қаралды. Бірегей регламентті қарау нәтижесі бойынша, осы құжат түсіндірме сипатта болуын және ол «Даму» КДҚ» АҚ-ның және екінші деңгейдегі банктердің әрекеттесуін реттейтінін ескеріп, Жұмыс тобы оны «Даму» КДҚ» АҚ-ның Директорлар кеңесінің шешімімен бекіту жеткілікті жөніндегі шешімді қабылдады.

Дағдарысқа қарсы Жоспардың іс-шараларын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның және «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның арнайы шоттарына аударым жасалған қаражатты мынадай игеру көзделген:

банктерді капиталдандыруға – **332,1** млрд. теңге;

жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешуге – **360** млрд. теңге;

орта және шағын бизнесті қолдауға – банктерге **117** млрд. теңге, «Даму» КДҚ» АҚ-ға **3** млрд. теңге;

экономиканың нақты секторының жобаларын кредиттеуге - **144** млрд. теңге; инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға – **120** млрд. теңге;

агроөнеркәсіп кешенін қолдауға - **120** млрд. теңге.

2009 жылғы 24 желтоқсандағы жағдай бойынша алынған ақпаратқа сәйкес нақты игерілді¹:

1) қаржы секторын тұрақтандыру бойынша

212,1 млрд. теңге – Үкіметтің «БТА Банкі» АҚ-ның жай атаулы акцияларын 25 246 343 дана мөлшерінде сатып алуы;

27 млрд. теңге – «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның жай атаулы акцияларын 259 064 909 дана мөлшерінде және артықшылық берілген акцияларын **33** млрд. теңгеге 196 232 499 дана мөлшерінде сатып алуы.

36 млрд. теңге – «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның «Казкоммерцбанк» АҚ-ның жай атаулы акцияларын 165 517 241 дана мөлшерінде сатып алуы.

2) жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу бойынша

- **120** млрд. теңге мөлшерінде ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру толық көлемде аяқталды. Бұдан әрі қайта қаржыландыру берілген кредиттерді өтеуден түскен босатылатын қаражат есебінен жүргізіледі

- Астана және Алматы қалаларындағы жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтауға

| №№ | Кредитордың атауы | Жасалған шарттардың сомасы, млн. теңге |
|----|--|--|
| 1. | «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның жарғылық капиталын төлеу | 15 000,0 |
| 2. | Құрылыс объектілері бойынша қалыптастырылған пұл бойынша «Цеснабанк» АҚ алдын ала/аванстық салым | 156,5 |
| 3. | Құрылыс объектілері бойынша қалыптастырылған пұл бойынша «Еуразиялық Банк» АҚ банктік салым | 249,8 |

¹ Айналыстағы заемдардың есебінен және босатылатын не меншікті қаражат есебінен қаржыландыру арқылы игеру сомасынан асып түсу орын алуда.

| | | |
|----|---|-------------------------------------|
| 4. | Құрылыс объектілері бойынша қалыптастырылған пұл бойынша «БТА Банкі» АҚ филиалы «Темірбанк» АҚ банктік салым | 173,09 |
| 5. | Құрылыс объектілері бойынша қалыптастырылған пұл бойынша «АТФ Банк» АҚ банктік салым | 131 |
| 6. | Алматы қаласындағы «Ахселькент» ТК құрылысын аяқтау үшін «АльянсБанкі» АҚ депозит | 16 500,0 (олардан 8 600,0 игерілді) |
| 7. | Мемлекеттік Комиссия бекіткен Тізбеге сәйкес «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ арқылы құрылыс объектілерін қаржыландыру | 34 146,6 (олардан 28 800 игерілді) |
| | Құрылыс аяқталу бойынша жиынтығы | 66 357 |
| | Барлық бағдарлама бойынша толық жиынтық | 186 357 |

3) шағын және орта бизнесті қолдау бойынша

- аталған мақсаттарға екінші деңгейдегі банктер бөлген 117 млрд.теңге толық көлемде игерілді. ШОБ субъектілерін бұдан әрі қаржыландыру берілген кредиттер бойынша өтеуден түскен босатылатын қаражат есебінен жүзеге асырылады.

- «Даму» КДҚ» АҚ арқылы «Даму-Қолдау» бағдарламасының аясында 3 млрд. теңге игерілді

| №№ | Кепілгер ЕДБ атауы | ЕДБ кепілімен «Даму» КДҚ» АҚ жасаған шарттардың сомасы, млн. теңге | Жобалардың жалпы сомасы, млн. теңге |
|----|----------------------------|--|-------------------------------------|
| 1. | «Қазақстан Халық Банкі» АҚ | 189,9 | 349,9 |
| 2. | «Еуразиялық банк» АҚ | 35,5 | 62,02 |
| 3. | «БанкЦентрКредит» АҚ | 777,8 | 1 739,4 |
| 4. | «Цесна банк» АҚ | 500 | 750 |
| 5. | «Нұрбанк» АҚ | 1 300 | 1 882,8 |
| 6. | «АТФ Банк» АҚ | 122,4 | 125 |
| | Жиынтығы | 2 925,6 | 4 909,12 |

4) экономиканың нақты секторын кредиттеу (қайта қаржыландыру) бойынша 144 млрд.теңге мөлшеріндегі қаражатты игеру толық

көлемінде жүргізілді. Экономиканың нақты секторының субъектілерін бұдан әрі қаржыландыру берілген кредиттер бойынша өтеуден түскен босатылатын қаражат есебінен жүзеге асырылады.

5) инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру бойынша

Дағдарысқа қарсы бағдарламаның осы бағыты бойынша іс-шаралардың аясында 167 млрд.теңге мөлшерінде «Қазақстан Даму Банкі» АҚ қосымша капиталдандыру жүргізілді, оның 115 млрд.теңгесін Ұлттық Қордың қаражаты құрайды. Банктің капиталдандыру нәтижесінде алған қаражаты инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға жіберіледі, атап айтқанда:

| №№ | Заемшының/объектің атауы | Сомасы, млн. теңге |
|----|---|--------------------|
| 1. | «Қазақстан Даму Банкі» АҚ арқылы «Шымбұлақ» тау шаңғы курортына | 2 346,4 |
| 2. | Тараз қаласындағы ферросплав зауыты | 381,0 |
| | Жиынтығы | 2 727,4 |

«ҚазАгро» ҰХ» АҚ берген ақпаратқа сәйкес агроөнеркәсіптік секторды қолдауға бөлінген 120 млрд. теңге аясында 2009 жылғы 24 желтоқсандағы жағдай бойынша айналыс-сальдо жиынтығы 137 360,3 млн.теңгені құрады. Атап айтқанда, көктем-егістік жұмыстарды жүргізу үшін ауыл шаруашылық-тауар өндірушілердің айналыстағы капиталын толықтыруға 68 777,2 млн. теңге бағытталды. 16 532,8 млн. теңге инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталды, 52 050,3 млн. теңге АӨК² субъектілерінен астық сатып алуға бағытталды – (астықты сатып алуға және инвестициялық жобаларды іске асыруға айналыстағы қаржыны бұдан кейін бағыттауды ескеріп, жиынтығында игеру толық бөлінген сомадан 100 % құрайды).

2009 жылғы 24 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және «ҚазАгро» ҰХ» АҚ арнайы (Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорының қаражаты есебінен дағдарысқа қарсы бағдарламаның мақсатында ашылған) шоттарында сәйкес **190 және 1,6** млрд. теңге қалуда.

Осылайша, экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыруға бөлінген ақшаны игеру пайызы 6 бағыт бойынша 2009 жылғы 24 желтоқсанда төмендегідей пайызды құрады:

1. қаржы секторын тұрақтандыру бойынша – 92,7%;
2. жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу бойынша, оның ішінде:
 - ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру бойынша – 100%;
 - жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтау бойынша – 27,6%.
3. шағын және орта бизнесті қолдау бойынша, оның ішінде:
 - ЕДБ арқылы кредиттеу бойынша (117 млрд. теңге) – 100%;
 - «Даму-Қолдау» бағдарламасы бойынша (3 млрд. теңге) – 97,5%;

4. экономиканың нақты секторын кредиттеу бойынша – 100%;
5. агроөнеркәсіптік кешенді қолдау бойынша – 100% ;
6. инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру бойынша – 2,27%.

²Қазақстан Республикасының экономикасын модернизациялау мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысының 2009 жылғы 06 мамырдағы № 17-5/И-333 хаттамасына сәйкес – тоннасына 24 640 теңге бағасы бойынша 1 млн. тоннаға дейін.

Қазақстан Республикасының экономикасын модернизациялау мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысының 2009 жылғы 20 тамыздағы № 17-5/И-526 хаттамасына сәйкес – тоннасына 18 500 теңге бағасы бойынша 3 млн. тоннаға дейін.